

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 76 (9138) | 1953 жылғы 14 апрель Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Советтер—қала мен деревняның барлық еңбекшілерінің бұқаралық ұйымы... Пролетариат диктатурасын нығайту және социализм құру жөніндегі қандай да болса барлық шаралар Советтер арқылы жүргізіліп отырады.

И. СТАЛИН.

## Жергілікті Советтердің жұмысын жақсарту берейік

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің осы жылғы март айында болып өткен сайлаулары совет халқының мызғымас саяси-моральдік бірлігін, оның дақты Ленин—Сталин партиясы мен Совет Үкметінің төңірігіне тығыз тәуелділігін салтанат етті.

Жергілікті Советтер жаңа күш, жаңа жігермен жұмыс істеуде. Олар И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышандық еңбегінде және партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарларында көрсетілген коммунистік құрылыстың ұлы программаларын жүзеге асыру жолында күресуде.

Облысымыздың жергілікті Советтері соңғы кезде ұйымдастыру-бұқаралық жұмысты, бұқарамен байланысты бұрынғыдан едәуір жақсартты, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында еңбектің жоспарларды орындау жолындағы социалистік жарысты нәрмені ұйымдастыру мәселелерімен бұрынғыдан гөрі нақтылы шұғылданатын болды.

Бұл жағдай өзінің жақсы нәтижелерін берді де. Облыстың өнеркәсібі 1952 жылы жалпы өнім шығару жоспарын 101,3 процент, оның ішінде одақтық өнеркәсіп 101,2 процент, одақтық-республикалық маңызы бар өнеркәсіп 100,2 процент және жергілікті кооперативтік өнеркәсіп орындары 103,1 процент орындады.

Облыс колхоз, совхоздарында барлық ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемі өткен жылы 1951 жылмен салыстырғанда 7,4 процент, ал негізгі азық-түліктік дақыл—бидай егісінің көлемі 12,3 процент артты.

Өткен жылы колхоздарымыз бен совхоздарымыз егін өнімін едәуір арттырды, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын толық орындап, өздерін тұқыммен қамтамасыз етті, колхоздардың заттай және ақшалай табыстары молайды. Көптеген колхоздар ұйымдық шаруашылық жағынан нығая түсті.

Октябрь және Соколов аудандық Советтері сессияларының кезінде және жоғары дәрежеде өткізілуіне жетісе аламыз. Бұларда сессиялар кезінде өткізілмеумен бірге, оқта-текте өткізілген сессиялардың өзінде сын мен өзара сын кеңінен өрістетілмейді, сөйтіп, сессияның күш тәртібіне қойылған мәселе жан-жақты талқыланбай, жұмыстағы елеулі кемшіліктердің беті ашымай қалады.

Жергілікті Советтер сессияны дайындау ісіне тұрақты комиссиялардың мүшелері мен депутаттары белсене қатынастырып, әрбір сессияның тыңғылықты әзірленуін, оның кезінде шақырылып, жоғары дәрежеде өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті. Ісегі бұлай ұйымдастыру Советтердің жұмысын жақсартуға көмектесетіні сөзсіз.

Советтердің жұмысының ойдағыдай ұйымдастырылуы олардың тұрақты комиссияларының өз міндеттері дәрежесінде болуына да байланысты. Тұрақты комиссиялар Советтердің жұмысына күнбе-күн және нақтылы көмек көрсетіп отыруға тиіс. Алайда, Приешім, Мамлют аудандық Советтері тұрақты комиссиялардың жұмысын дұрыс ұйымдастыра алмай отыр. Міндет—әрбір тұрақты комиссияның жұмыс жоспарын тыңғылықты ойлап жасап, депутаттарды әрбір жұмыс саласына дұрыс бөлу, сөйтіп, тұрақты комиссияның әрбір мүшесінің іске пайда келтіруін қамтамасыз ету. Бұл арада мына бір жағдайды еске сақтау керек: Тұрақты комиссиялардың басшылары мен мүшелері қатарында жаңадан сайланған депутаттар көп. Олардың бірсыпырасы Совет жұмысымен таныс емес, тұрақты комиссиялардың праволары мен міндеттерін білмейді. Сондықтан тұрақты комиссиялардың мүшелеріне мәселені дұрыс шешу үшін көмек ұйымдастырылуға тиіс.

Депутат—халық қызметшісі. Советтердің депутаттарының борышы—еліміздің барған сайын өркендеуінің ұлы жоспарларын орындау күресіне барлық күш-жігерін жұмсау. Әрбір депутат сайлаушылар-

## Көктемгі егісті тыңғылықты әзірлікпен қарсы алу—егіншілердің ең абройлы міндеті

### Жарыстың күші

Бірінші май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, «Булак» ауылшаруашылық артелиінің (Ленин ауданы) мүшелері көктемгі егіске әзірлікті ойдағыдай аяқтады.

Егіске қажетті тұқымдық дақылдар тазаланып, өңіншік сапаға жеткізілді. Тұқым тазалауда Р. Мұсылманбекова, Ф. Жақыпова сыяқты колхозшылар өнімді еңбек етті. Олар дән тазалайтын «ВИМ» машинасының қуатын сарқа пайдалана отырып, әрбір сменада екі норма орындауға жетісті.

Мұнда плуг, тырма және басқа да ауылшаруашылық құрал-саймандары түгел жөнделіп, дала жұмыстарына әзір етілді. Бұл жұмыста К. Қожанов жолдас сыяқты колхозшылар белсенділік көрсетті.

1 май мерекесі құрметіндегі социалистік жарысқа колхоз малшылары тақызы ұшасты. Мұның нәтижесінде фермаларда мал күтімі жақсара түсуде. Малды қолда бағып күтуде алдыңғы қатарлы мал өсірушілер келеді табыстарға не болып жүр. Әсіресе, сауыншы К. Өстемірова, шопан И. Айсен жолдасардың еңбегі кезге түседі.

Өстемірова жолдас товарлы-сүт фермасында бірнеше жылдан бері істейді. Содан бері ол өзінің адал еңбегімен жұрт көзіне түсулі. Сол сыяқты, шопан Айсен жолдас та қой өсіруде өнімді еңбек етудің үлгісін көрсетіп келеді.

Колхоз мүшелері социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, алдағы 1 май мерекесін жаңа өндірістік табыстармен қарсы аламыз.

### Төзгісіз жағдай

Аманкелді атындағы колхозда (Ленин ауданы) көктемгі егіске әзірліктің жайы мұнда төзгісіз.



Шағыл МТС-нің механизаторлары трактор жөндеуді аяқтауға жуық. Суретте: (оңнан солға қарай) бақылаушы-механик Ф. Сокол және байқаушы В. Фице «ДТ-54» тракторының моторын байқап тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

### Егіске әзірлік тез аяқталсын

Көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізу—оған алдын-ала тыңғылықты әзірлік жүргізуге байланысты. Алайда, «Еркіндік» колхозының (Совет ауданы) басшылары мұны ескермей отыр. Мұнда көктемгі егіске әзірлік күні бүгінге дейін аяқталған жоқ.

Егіс бригадаларының мол өнім үшін күресі жеткіліксіз. № 2 бригадала быйыл жоспар бойынша 475 гектар егістік алаңды барлық қуатпен егіп, бұған бар

### Олқылықты тез жою керек

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы ауылшаруашылық артелиінде көктемгі егіске әзірлік жұмыстары өте-мөте баяу жүргізіліп отыр. Колхозда тұқым тазалау, қар суын тоқтату және жергілікті тыңайтқыш заттарын жыйнау жұмыстары сызбыр жүргізіліп келеді.

Мұнда ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу ісі де қанағаттанғысыз. Колхоздың № 2 бригадасында ауылшаруашылық құрал-саймандарының бірқатары жөндемей қар астында жатыр. Бұл сыяқты олқылыққа № 3 бригадала да жол берілген. Бұл бригадала ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу ісі осы уақытқа дейін аяқталған жоқ. Ұста дүкенінде еңбек өнімділігі төмен. Жөндеу жұмысына ұсталар түгел тартылмаған. Ал, колхоз басшылары мұндай олқылықтарға төзіп, егіске әзірлікті үлгілі аяқтаудың тиісті шараларын қолданбай келеді.

Айта кету керек, мұнда мал қыятудың жайы өз дәрежесінде емес. Соңғы кезде малды азықтандыру ісі нашарлап кетті. Жемшөп ұқышсыз жұмсалып жүр. Бұл жағдай мал күйінің төмендеуіне әкеліп соғуда.

Колхоз басшылары бұл сыяқты олқылықтан тез арылып, көктем егісіне әзірлікті және мал қыятуды үлгілі аяқтауға жетісулері керек.

Х. НӘКЕШОВ,  
Б. ЖҮСІПБЕКОВ.

### Мол өнім өсіреді

Абай атындағы колхоздың мүшелері (Преснов ауданы) быйыл көктемгі егісті үлгілі өткізіп, мол өнімнің берік негізін қалау жолындағы күресті күшейте түсуде.

## СОВЕТ ОДАҒЫНДА

### Электротрактор жұмыс істейтін колхоздарда

КОРСУНЬ-ШЕВЧЕНКОВСК. (Киев облысы), (СОТА). Корсунь-Шевченковск МТС қамтытын колхоздардың егіс даласына электромоторлар шықты. Егіс культивацияланып, тырмалануда, масақты дақылдар себіліп, жер жыртылуда.

— Осы ең жаңа отандық техниканы ауыл шаруашылығында қолданудың көп жылғы тәжірибесі,—деді Корсунь-Шевченковск МТС-нің директоры Яровой жолдас, СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде,—бұл тракторлардың әдеттегі машиналардан орасан зор артықшылықтарын дәлелдеп берді.

Біздің станция қамтытын колхоздар электр қуатын өндірістің басқа салаларында да кеңінен қолдануда. Яданов атындағы ауылшаруашылық артелиінде 53 электромотор жұмыс істейді. Егіншілердің еңбек өнімділігі едәуір артып, дөңді және техникалық дақылдардың жалпы түсімі, сонымен қатар колхозшылардың еңбекқұныне тәленетін ақы молайды.

Үстеміздегі жылы электротракторлармен орындалатын жұмыстардың көлемі 70 процент артады. Көзір барлық егіс жұмыстарында торантық график қатаң сақталуда.

### Май алдындағы еңбек вахтасы

ЗАПОРОЖЬЕ. Қаланың кәсіпорындарында Май мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыс күшейе түсуде.

«Запорожсталь» заводының металлургия өндіріс қуаттарын пайдалануды жақсарту және өнімнің сапасын арттыру үшін күресті күшейтуде. Болат балқытушы Торганев жолдас, оның сменасындағы Косилов және Заяц жоғары көрсеткіштерге жетісті. Жыл басынан бері жоспардан тыс олар берген 7 мың тоннаға жуық металл олардың өзіндік есеп беттеріне жазылған.

Трансформатор заводдың коллективі де алған міндеттемесін ойдағыдай орындады. Құрастыру цехында 220 мың вольт-



шаруашылық міндеттер орасан зор. Ол міндеттердің ойдағыдай орындалуы көбінесе жергілікті Советтердің ұйымдастыру-бүқаралық жұмысын, бұқарамен байланысын және олардың еңбекшілердің социалдік жарысына нақтылы басшылық жасауын жақсартуға беруді талап етеді. Демек, тұрақты комиссиялар мен барлық депутаттардың жұмыстағы белсенділігін арттыра беру, еңбекшілердің көптеген активтерін жергілікті Советтердің жұмысына белсене қатынастыру — Советтердің алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асырудың кепілі.

Жергілікті Советтердің март айында болып өткен сессияларында депутаттар облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық, селолық және поселкелік Советтердің жұмысын жан-жақты талқылап, олардың практикалық жұмысындағы кемшіліктердің бетін ашып, сөйтіп, жергілікті Советтердің жұмысын жақсартуға бағытталған бағалы ұсыныстар енгізді. Көптеген депутаттар жергілікті Советтердің әресе ұйымдастыру-бүқаралық жұмысқа жете мән бермей келгендігін сынады.

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің барлық жұмысын жақсартуға беру үшін сессияларға тыңғылықты әзірлешип, оны кезінде және жоғары дәрежеде өткізудің айырықша зор маңызы бар. Ал, Петропавл қалалық Советі, Приешім, Ок-

лаушыларын партия мен үкімет алдында міндеттерді орындау жолына жұмылдыра білуге міндетті. Ол өз сайлаушыларымен жиі кездесіп, олармен әңгіме өткізіп отыруға, өзінің істеген жұмысы жөнінде сайлаушылары алдында жиі-жиі есең беріп отыруға тиіс.

Жергілікті Советтердің барлық жұмыстарын жақсарту берудің басты шарты — олардың бөлімдерінің жұмысының тыңғылықты ұйымдастырылуын қамтамасыз ету. Совет адамдары сталиндік бесінші белжылдықтың ұлы жоспарларын ойдағыдай орындау жолындағы күреске жұмылулы. Жергілікті Советтер еңбекшілердің осы мақсатты социалистік жарысында мейлінше өрлеуін бастай білуге міндетті.

Облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілері таяудағы күндердің ішінде егіннен мол өнім алу жолындағы күресті шешуші кезеңі — егіс жұмыстарына кіріскелі отыр. Аудандық және ауыл-село-лық Советтер егіншілер арасында көктемгі егісті тұжырымды мерзімде және агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жолындағы социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастыра білуге тиіс.

Жергілікті Советтердің шаруашылық және мәдениет құрылысына басшылық әдісін барған сайын жетілдіре түсіп, өздерінің жұмысын жақсартуға беретіндігі сөзсіз.

## И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегін және партияның XIX съезінің материалдарын насихаттау

И.ТБИЧ (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). Ильич аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторы Иманқұл Ыбраев Асықата мал жайылым участкасындағы малшыларға арнап И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпандық еңбегі және партияның XIX съезінің қарарлары туралы алты лекция оқыды.

Ауданның ауыл шаруашылығының еңбекшілері И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары»

деген данышпандық еңбегін және партияның XIX съезінің материалдарын зор ықыласпен оқып-үйренуде. Аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің 40-тан аса қызметкерлері, мұғалімдер, дәрігерлер И. В. Сталиннің данышпандық еңбегі және съезд материалдары туралы лекциялар оқыды. Аудандық партия комитетінің секретары Ескендіров жолдас колхозшыларға арнап Сталин жолдасын классиктік еңбегі туралы үш лекция оқыды.

## Тамақ өнімдерін шығаруды арттыруда

СЕМЕЙ, (ҚазТАГ). Республикадағы ең ірі Калинин атындағы ет-консерв комбинатының коллективі май алдындағы жарысқа қосылып, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің сапасын жақсарту жолындағы жарысты күшейтті.

Комбинат өнімінің 115 түрін шығарады. Консерв және шұжық заводтары ет консервтерінің, шұжық тағамдарының және сүрленген еттің жүзге жуық түрін өндіреді. Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында тамақ өнеркәсібінің өнімдерін шығаруды онан әрі арттыру көзделген. Семей ет комбинаты, 1950 жылғымен салыстырғанда бесжылдықтың аяғында ет шығаруды 92 процент, консервілерді екі еседен аса арттыруға тиіс.

Комбинат ең жаңа техникамен жабдықталуда. Жеке учасоктер автоматпен істеуге толық көшірілуде. Консерв-банкарлар линиясын, консерв өнімдерін микробтан тазарту процесін автоматтандыру аяқталды. Тоназытқыш шаруашылығы жетілдірілуде. Комбинатқа тұңғыш рет суықты күшейтетін компрессор орнатылды. Ет сақтандыру блоктарды тоназыту әдісі жетілдірілді.

Рационализаторлар мен өнертапқыштар өндірісті дамытуға ірі үлес қосуда. Олар соңғы жылдардың ішінде жүздеген ұсыныстар енгізді, бұл ұсыныстарды өндірісте қолдану нәтижесінде кәсіпорын жоспардан тыс 5 миллион сомнан артық қаржы үнемдеді.

пассыз жүргізілуде. Мәселен, № 3 бригадасында егіске толық әзір деген плуг, тырма және жегу абзалдерінің бірнешеуі сапалы жөнделген. Олар қайтадан жөндеуге қойылды. Ал, егіс жұмыстарына аса қажетті 7 жәшікті арбаның осы күнге дейін бірде-бірі жөндеуден өтпеген. Бұл сыяқты жауапсыздыққа колхоздың № 4 бригадасында да жол берілген. Колхозда тұқым қоры жетіспейді. Қолдағы тұқым қорын өңгіштік сапаға жеткізу ісі ойдағыдай емес.

Колхозда 4 өндірістік бригада бар. Олардың егіс кезінде өнімді жұмыс істеуіне қажетті жағдайдың бәрін жасау қажет. Амаз не, колхоз басшылары (председателі Қуандықов жолдас) бұған жете мән бермей отыр. Мұнда дала көстарын жөндеу, жанадан салу жұмыстары әлі шындал қолға алынған жоқ.

Мұның бәрі колхоз басшыларының егін шаруашылығына жете көңіл бөлмеуінің, мол өнім жолындағы күресті дұрыс ұйымдастыра алмауының салдары.

Е. ӘУБӘКІРОВ.

## Егіншілерге кеңес

# Күздік егісті көктемде күту

Күздік дақылдардың өнімділігін арттыруға бағытталған агротехникалық шаралардың ішінде оны ерте көктемде күтудің маңызы ерекше зор. Қыс бойы мұздап қатқан егістік жер қырғысы көктемде өте баяу жібиді. Бұл мерзімде егіс үшін онда қорек те болмайды. Күннің жылуымен байланысты жандана бастаған өсімдік тыпырақтан қажетті қорек ала алмайды. Сондықтан көктемде күздік егіске үстеме қорек берудің зор маңызы бар. Күздік егіске үстеме қорек беру оның көктемнің алғашқы күндерінен бастап біркелкі өсіп жетілуіне жағдай туғызады. Қоректендірілгеннен кейін күздік дақылдар тез өсіп жетіледі. Олар суыққа да төзімсіз келеді.

Көктемде үстеме қорек алған күздік егістер мол өнім береді. Мәселен, өткен жылы Октябрь ауданындағы «Дружина» колхозында күздік бидайға көктемде үстеме қорек берілді. Мұнда үстеме қорек берілген күздік бидайдың әрбір гектарына 4,4 центнер өнім артық алынды. Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозында өткен көктемде күздік егістің әрбір гектарына бір центнер суперфосфатпен және 3 центнер күлмен үстеме қорек берілген еді. Мұндай күздік егілген алаңның әрбір гектарына үстем қоректендірілмеген алаңға қарағанда 8 центнер өнім артық алынды.

Күздік егісті қоректендіруді қар ерісімен іле-шала бастау керек. Егіске үстеме қоректі көбінесе таңертеңгі мезгілде берген жөн. Ал, беті төгіс егістік алаңға үстеме қоректі қардың толық еріп кетуін күтпей-ақ беруге болады.

Күздік егісті көктемде қоректендіруге

болғаны 175 гектар жерге қар тоқтатылды. Оның өзі де тыңғылықты жүргізілмеген. Мұның үстіне бұл бригадасы қар суын бөгеу жұмыстары қолға алынбай отыр.

Сол сыяқты, ауылшаруашылық құрал-саймандары да жөнделіп біткен жоқ. Мысалы, 25 тырмадан 11 тырма, 5 жәшікті арбалдан бір жәшікті арба ғана жөндеуден өткен. Басқалары дала жұмыстарына жарамсыз калыңда, ұста дүкені жанында жатыр.

Ф. МҰҚЫШОВ.

## Тыңғылықты әзірлік

Үстіміздегі жылы Явленка совхозының коллективі көктемгі егіске тыңғылықты әзірлік жасады. Әресе, совхоз механизаторлары социалистік жарысты кеңінен өрістетте отырып, тракторлар мен тіркеу саймандарын тез және сапалы жөндеп шығарды.

Жақында көктемгі егіске әзірлікті тексерген комиссия да совхозды дала жұмыстарына толық әзір деп тапты.

В. ВОЛОШИН.



колхозшылар егіске әзірлікке қажетті еңбектің үлгісін көрсетуде. Соның нәтижесінде егіске әзірлік жұмыстары табысты әзірленіп келеді. Мәселен, ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуде Жұсыпов белсене еңбек етті. Ол, еменалық норманы ұдайы артығымен орындауға жетісті.

Мол өнім жолында күрес мұнда барған сайын кең өріс алуға.

Осы аудандағы Баян МТС-нің № 14 трактор бригадасы көктемгі дала жұмыстарына толық әзір отыр. Бригада мүшелері тракторлардың күндіз жұмыс өнімділігін еселеп арттырып, көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарын қысқа мерзімде сапалы аяқтамақ. Жерді мерзімінде және сапалы жұмыстау жөнінде олар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алуға. Бригада быйым көктемгі егіске МТС-те алдыңғылардың бірі болып шықпақ, сөйтіп, 1 май мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алмақ.

Т. ҚАЛИЕВ,  
Қ. БИҒАЛИЕВ.

Күздік егісті күтудегі маңызды бір жұмыс — оны көктемде тырмалау болып табылады. Күздік егілген жерлерді ерте көктемде тырмалау — одан мол өнім алудың басты шарттарының бірі. Егістік жердің қары еріненнен кейін кешіктіруге болмайды. Жер беті саздан аралысымен күздік егіске дереу тырма жүргізу керек. Бұл жұмысты өкі-үш күннің ішінде аяқтаған жөн. Егістік жерге тырма тұқым себілген ізге көлденең жүргізіледі.

Жаппай қаулап өсе бастаған күздік егісті ауыр тырмалармен бір-екі рет тырмалау жүргізу керек. Басқа егістік алаңды бір рет тырмаласа да жеткілікті. Баяу өскен күздік егісті азот тегі мол тынайтқыштармен қоректендіргеннен кейін тырмалау керек.

Күздік егісті ерте көктемде тырмалау — ол егілген алаңға тынайтқыш заттарды сіңіруге, оған ылғалды мол жыйнауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл жұмысты әрбір колхоз бен совхоз мезгілінде қолға алып, оны агротехникалық талаптарға сай үлгілі өткізуге тиіс.

Көктемде дұрыс күтілген әресе тырмаланып, үстеме қорек берілген күздік дақылдардан мол және тұрақты өнім алуға болады. Күздік егісті көктемде күту жұмыстары барлық жерде мезгілімен басталып, ойдағыдай аяқталсын. Ауылшаруашылық орындары, МТС, колхоз бен совхоз басшылары бұл жұмысқа барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыра білуге тиіс.

В. СОКОЛОВ,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының аға агрономы.

тік қуатты трансформаторды монтаждау жұмысы графикте көрсетілгеннен бұрын аяқталды. Агрегат еліміздің ең ірі қуат жүйелерінің біріне арналып істелген.

Кәзір заводта Куйбышев су электр станциясы үшін қуатты трансформаторлар шығару ісіне даярлық жүргізілуде.

Сол сыяқты «Днепроспецсталь», Ленин атындағы электр станциясының және басқа кәсіпорындардың коллективтері Бірінші Май мерекесіне лайықты тартулар әзірлеуде.

11 апрель (СОТА).

## Даңқты мереке

ОДЕССА, 10 апрель. (СОТА). Қаһарман қаланың еңбекшілері Одессаның фашистік басқыншылардан азат етілуіне тоғыз жыл толуын атап өтті. ССРО халықтарының туысқандық көмегі арқасында Одесса соғыс түсірген жарақаттарды тез жазды. Кәсіпорындары толық қалпына келтірілді. Машина жасау өндірісі өнеркәсіптің басты саласы болып отыр. Қала елімізге үлкен қуатты дәлме-дәл станоктер мен автоматтар, шахталардың құрал-жабдықтарын, құрылыс-өңдеу машиналарын, жүк көтеретін крандар мен трактор плугтерін және басқа аспаптар беруде.

Одесса еңбекшілері соғыстан кейінгі жылдардың ішінде 665 мың шаршы метр тұрғын үйлер алды. Жыл сайын 100 мыңнан астам адам дем алып, емделетін теңіз жағасындағы емдеу орындары кеңейтілуде.

Сталиндік бесжылдықтың аяғына дейін жаңа мектептер мен емханалардың, клубтар мен планетарийлердің, Горький атындағы ғылыми кітапхананың кітап сақтау орнын салуға, жаңа үйлердің құрылысына, қаланы газ және бұмен қамтамасыз ету ісіне, коммуналдық транспортты ұлғайтуға және қаланы көгалдандыруға жарты миллиард сомнан артық қаржы жұмсалыды.

## Төрт айлық жоспар орындалды

БЕЛОВО, (Кемеров облысы). 11 апрель (СОТА). Кеше «Беловуголь» тресінің «Польсаевск-6» шахтасының кеншілері Кузбаста көмір өндірудің төрт айлық жоспарын бірінші болып аяқтады.

Бірінші Майды лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарыса отырып, алдыңғы қатарлы кеншілер коллективтері өз кәсіпорындарының жобала көрсетілген қуаттылығын арттыра түсті және барлық жұмысшылардың норманы орындауына жетісті. Өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда көмір өндірудің орташа мөлшері 100 тоннадан асты.

Жер астында жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбек өнімділігі жоспардағыдақ 15 процент арттырылды.



ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Үйірме сабағын ұйымдастыру жөнінде

Менің партия тарихының қысқаша курсын үйренетін жоғарғы типті үйірмеде насихатшы болып істеуіме екінші жыл. Бұл, әрине, партия насихатының алуи түрлі әдістерін игеру үшін көп уақыт емес. Дегенмен, үйірменің сабағын ұйымдастырудағы кейбір әдістерімді ортаға салып, пікір алысуды дұрыс деп ойлаймын.

Екі жылдан бері үйірменің тыңдаушылар құрамында өзгеріс болған жоқ. Үйірмеде 10 адам оқыйды. Олардың бәрі де орта және жоғары дәрежелі білімдері бар оқытушылар. Үйірме тыңдаушыларының тұрақты және білім дәрежелерінің айтарлықтай бірвекті болуы үйірмеде сабақтың кезінде және мазмұнды өтуіне қолайлы жағдай туғызып келеді. Үйірме тыңдаушылары өткен оқу жылында бірінші жылдың оқу программасы бойынша қорытынды сабақтарға жүйелі білім алғандарын байқапты.

Жаңа оқу жылында үйірмеде сабақ екінші жылдың оқу программасы бойынша жүргізіліп келді. Январь айынан бастап, үйірме тыңдаушылары партияның XIX съезінің материалдарын оқып үйренуде. Кезір үйірмеде съезд материалдары жөнінде соңғы сабақтар өтуде. Апрель айының екінші жартысынан бастап сабақ бұрынғы программа бойынша жүргізіледі. Бізде жыл бойына сабақтың өтпей қалуы немесе тыңдаушылардың сабаққа сәбепсіз келмей қалуы сыяқты фактілер кездескен жоқ. Бұл жағдайға мектеп дирекциясы мен партия ұйымы үйірмеде оқытын оқытушыларға өздерінің маркетинг-лениндік білімдерін арттыру жөнінде зор талап қоюмен жетісін келеді. Үйірменің ұйым-

дастыру жұмысының қысқаша жөйі, міне, осындай.

Сабақтың идеялық мазмұнының жоғары болуы насихатшыға байланысты екені мәлім. Сондықтан мен өзімнің теориялық даярлығымды және насихатшылық шеберлігімді үнемі байыттып отырамын. Кезір И. В. Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін өздігімнен оқып жүрмін. Бұл жөнінде ұйымдастырылған лекцияларға үздіксіз қатысып жүрмін. Сонымен қабат, насихатшылар үшін болған семинарға қатысумен қанағаттанбай, партия насихатының жақсы тәжірибелері жарияланған газеттер мен журналдарды үзбей оқу менің әдетіме айналды. Менің жеке кітапханамда 200-ден астам саяси және әдеби кітаптар бар. «Правда», «Ленинское знамя» газеттерін, «Коммунист» журналын және «Үлгіші блокнотын» алдырып оқыймын.

Сабақты мазмұнды әрі қызықты өткізу үшін сабаққа мұқият даярланып, талық көнепекті жасаймын. Мен өзімнің барлық жұмысымды тыңдаушылардың жағдайы және саяси білім дәрежесін еске ала отырып жүргіземін. Мұның өзі тыңдаушылардың өткен материалдарды жақсы ұғуына мүмкіндік туғызады. Үйірме сабағының алғашқы сағатында өткен материалды еске түсіру ретінде тыңдаушылармен әңгіме өткіземін. Үйірмеде қатысушылардың сұрақтарына, түсінбеген мәселелеріне толық жауап беремін. Бұдан ең өткен тақырыпқа қорытынды жасалады.

Сабақтың екінші сағатында жаңа тақырыпты түсіндіремін. Сабақтың тақырыбына байланысты альбом, карта және көр-

кем әдебиеттерді пайдаланамын. Мысалы: И. В. Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзі туралы сабақ өткізгенімде халықаралық жағдайға терең тоқталуға тура келеді. Сондықтан тыңдаушыларға Н. Шпановтың «Соғыс өртің тұтандырушылар» деген кітабінен үзінділер оқып, оның мазмұнын айтып бертім.

Үйірме тыңдаушыларының кітапты дұрыс пайдалануына, көнепекті жасауларына үнемі көмектесіп отырамын. Жеке тақырыптар бойынша тыңдаушылармен сабақтан тыс қосымша әңгімелер өткізіп, түсінік беремін. Осының нәтижесінде тыңдаушылардың барлығы да сабаққа толық әзірлікпен келіп, өткен материалдары терең игеруде. Үйірмеде оқытып Сидяк, Астафьева, Косенко және тағы басқа жолдастар сабаққа белсене қатысып, программалық материалдарды терең үйренуде.

Тыңдаушылардың теориялық-идеялық білім дәрежелерінің артуы мектепте жақ ұрыптарды коммунистік рухта тәрбиелеу ісін ойдағыдай ұйымдастыру мәселесіне қажетті ықпал жасауда. Біздің оңжылдық мектепте оқу жылының II тоқсан қорытындысына қарғанда III тоқсанда сабақты үлере алмаушылардың саны анағұрлым азайды.

Үйірме тыңдаушылары партиямыздың тарихы мен теориясын терең үйреніп, өздерінің практикалық жұмыстарында жаңа табыстарға ие бола береді.

Н. СМОЛИН.

Полудень орта мектебі партия ұйымының жанындағы жоғарғы типті үйірменің насихатшысы.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 12 апрель. (СОТА). Корея Халық Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін Корея Халық армиясының және қытай халық еріктілерінің бөлімдері өткен күні американо-ағылшын интервенттеріне және дисципинашы әскерлерге қарсы жергілікті

маңызы бар ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Кеше түнде американ авиациясы Сунчонь және Кандон аудандарының селолық бейбіт елді пункттеріне тағы да шабуыл жасады. Бомбалаудың салдарынан

көптеген шаруалар қазаға ұшырады. Көптеген тұрғын үйлер қыйрады және өртенді.

Бүгін зенит бөлімдері және жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 4 самолетін атып түсірді.

Паньмыньчжондегі келіссөздер

ПЕКИН, 10 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлайды:

Кореяда уақытша бітім туралы келіссөздердегі корей-қытай делегациясы бүгін кешкі сағат 6-да мынадай мазмұндама жариялады:

10 апрельде таңертегі сағат 11-де Паньмыньчжонде екі жақтың байланыс топтарының бесінші мәжілісі болды. Екі жақ ауру және жаралы соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы келісімнің жобасы бойынша іс жүзінде толық келісімге келді. Екі жақтың аудармашылары келісім жобасының корей-қытай және ағылшын тілдеріндегі текстерін салыстырып шықты. Текстер салыстырылғаннан кейін корей-қытай жағының байланыс тобының басшысы генерал Ли Сан Чо былай деп мәлімдеді: корей-қытай жағы ауру және жаралы соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы келісімге 11 апрельде қол қойылсын деп ұсынады және келісімнің өзінше ресми тексті екінші жақтың қолында болады деп сенеді.

Кешкі 5 сағат 55 минутта екінші жақтың байланыс тобының басшысы корей-қытай жағы жасаған ұсынысқа өз жағының келісетіндігін конференция ауданын-

дағы күзет офицерлері арқылы корей-қытай жағына хабарлады.

Бүгінгі мәжілісте генерал Ли Сан Чо екінші жаққа мынаны мәлімдеді: біздің алдың-ала жасалған мәліметтеріміз бойынша, біздің жақтың қолында тұрған корей ұлтына жатпайтын ауру және жаралы соғыс тұтқындары ұлтына қарай мынадай бөлініс болды: 120-ға жуығы — американдар, 20-ға жуығы — ағылшындар және түркітерді, канадалықтарды, гректерді, голландиялықтарды қосқанда —15-ке жуығы басқа ұлттардың адамдары.

Байланыс топтарының штаб офицерлерінің 10 апрельде болған үшінші мәжілісінде екі жақ ауру және жаралы соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару жайындағы нақты әкімшілік мәселелерін онан әрі талқылады және екі жақ үшін орындар белгіледі, бұл орындарға Паньмыньчжондегі конференция ауданында ауру және жаралы соғыс тұтқындарын қабылдайтын орталықтар құрылады.

Екі жақ байланыс топтарының алтыншы мәжілісін 11 апрельде таңертегі сағат 11-де өткізуге келісті.

ЛОНДОН, 10 апрель. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Паньмыньчжоннен берген хабарына қарағанда, Біріккен Ұлттар

әскерлері командованиесінің байланыс офицерлері тобының басшысы контр-адмирал Даниэль соғыс тұтқындарын ауыстыру туралы келісім жобасы «іс жүзінде» келісілді деп мәлімдеген. Бұл жоба Біріккен Ұлттар қарулы күштерінің жоғарғы команданысы генерал Кларкке «біржолата мақұлдау үшін» жіберілген.

ЛОНДОН, 10 апрель. (СОТА). Рейтер агенттігінің Софийадағы тілшісі былай деп хабарлайды:

Біріккен Ұлттар әскерлері командованиесінің байланыс офицерлері тобының басшысы контр-адмирал Даниэль мынаны хабарлады: Біріккен Ұлттар қарулы күштерінің жоғарғы команданысы генерал Кларк ауру және жаралы тұтқындарды ауыстыру туралы келісімнің жобасын бүгін мақұлдады, бұл жоба кезір қол қоюға әзір тұр.

ПАРИЖ, 10 апрель. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Лондондағы тілшісінің хабары бойынша, 10 апрельде Лондондағы беделді топтар маңында пікір айтқан Паньмыньчжонде қайта басталған келіссөздердің барысында социалық алға басқанлық болады, тіпті соғыс тұтқындарының бүкіл проблемасы бойынша келісімге жететін уақыт енді алыс емес.

Үйім жұмысындағы кейбір кемшіліктер туралы

Жақында Калинин атындағы қолхоз (Преснов ауданы) партия ұйымының сөз беру-сайлау жыйынылығы болып өтті. Қолхоз партия бюросының жұмысы туралы партбюроның секретары Кусайынов жолдас есепті баяндама жасады.

Баяндаманы және жарысөзде сөйлеуші коммунистер қолхоз партия ұйымының бір жыл мерзім ішіндегі жұмысына талдау жасап, оның алдында тұрған міндеттерге тоқталды. Қолхоз коммунистері қоғамдық шаруашылықты өркендетуде қолхозшы шаруалардың ұйымдастырылуына болып келеді. Осының нәтижесінде қолхоз өткен жылды бітіс егін өсіріп, мол өнім жыйнады. Қолхозға өткен әзірлік жұмыстарының жайы күннен күнге жақсара түсуде. Осы сыяқты, қолхоз қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендету ісінде де

ді партия бюросының мүшесі Жақин жолдас, —шаруашылық жұмыстарға басшылық және бақылау ісін ойдағыдай ұйымдастыра алмадық. Мал шаруашылығының өнімділігінің кем болуы, кейбір қолхозшылардың еңбек тәртібін бұрмалауы тек осыдан деуіміз керек.

Жақин жолдас сөзінің соңында май заводының қолхоздағы бөлімшесінің меңгерушісі Мәубиев жолдасы партиялық және жемқорлық тәртіпті бұрмалағандығы үшін әділ сынады.

Коммунист Жанболатов жолдас партия ұйымының қосымша ұйымына басшылық ету жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды. Партия бюросының секретары Т. Күсәлінов жолдасының бұл жұмыстан қол үзгендігі сондай, деді ол, тіпті ұйымда және қосымша ұйымда бір есептің де берілмейтінін

маркетинг-лениндік оқуының жайына тоқталды.

—Бізге партия оқуы оқта-текте ғана өтеді,—деді ол. — Соның өзінде кейбір коммунистер сабаққа қатыспайды, мәселен Мәубиев, Құрманғалиев сабаққа 5—6 рет қатыспады. Алайда, партия ұйымы оларға ешбір шара қолданбай келеді. Үйірме тыңдаушылары партияның XIX съезінің материалдары жарияланған кітапшалармен қамтамасыз етілген жоқ. Бұған ең алдымен аудандық партия комитеті мен аудандық тұтынушылар отыры кінәлі деп есептеймін. Өйткені, олар жоғарыда айтылған кітапшаларды алып, қоймаларда сақтаумен қанағаттанып отыр.

Сонымен қатар, партия ұйымының партия мүшелігіне кандидаттармен жұмысқа

Генерал Нам Ирдің генерал Гаррисонға хаты

ПЕКИН, 10 апрель. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлайды:

Корея Халық армиясы мен қытай халық еріктілері делегациясының басшысы генерал Нам Ир Біріккен Ұлттардың қарулы күштері командованиесінің бас делегаты генерал Гаррисонға мынадай хат жолдады:

«Біріккен Ұлттар командованиесінің бас делегаты генерал Гаррисонға.

Біз Біріккен Ұлттар қарулы күштерінің бас команданысы генерал Кларктің корей Халық армиясының жоғарғы команданысы маршал Ким Ир Сен мен қытай халық еріктілерінің команданысы генерал Пык Дэ-хуэйдың хатына қайтарған 1953 жылғы 5 апрельдегі жауабын алдық.

Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік әкімшілік советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лай

лісімінің 118-статьясында, сонымен қатар Кореяда уақытша бітім туралы келісім жобасының 51 параграфында баян етілген принциптер мен практика бойынша мынадай принцип белгіленген: белсенді соғыс қаймылдары тоқтатылғаннан кейін екі жақтың барлық соғыс тұтқындары ешбір кідіріссіз босатылып, елдеріне қайтарылуға тиіс. Сондықтан біздің жағымыз екі жақтың барлық соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару және оларды уақытша бітім жасалғаннан кейін үйлеріне, бейбіт тұрмысқа қайтару принципін мызғымайтын принцип деп есептейді.

2. Алайда, соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы мәселе жөніндегі екі жақтың арасындағы алауыздық кезіргі уақытта Кореяда уақытша бітімге жетуде бірден бір кедергі болып отырғандығы себепті және Кореяда уақытша бітімге жету мүддесі үшін осы алауыздықтарды

үйлеріне қайтаруға қандай да болса дерлік шаралар қолдану жолымен өзінің кедергі жасамауын, сөйтіп, оларды күштеп ұстап қалмауын қамтамасыз етуге тиіс. Мұнымен бірге, тұтқынға алған жақ уақытша бітімнен кейін тікелей елдеріне қайтаруға мүмкін болмайтын қалған соғыс тұтқындарының босатылып, бейтарап мемлекетке берілуін қамтамасыз етуге, сөйтіп, оларды елдеріне қайтару туралы мәселенің әділдікпен шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

4. Корея және қытай жағы еліне қайтуды тілемейтін соғыс тұтқындары бармы деген сылтауды мойындамайды. Сондықтан «еліне зорлап қайтару» немесе «күш жұмсап еліне қайтару» дейтіндер туралы мәселе мүлде болмаған мәселе, біз мұндай сылтаудың қандайына болса да әрқашан қарсы болып келдік. Осындай позицияны



араз тараптарға не болды. Уйымдағы 40 коммунисттен 15 адам мал шаруашылығында жұмыс істейді.

Дегенмен, партия ұйымының жұмысында әлі де бәсеке көп кемшіліктер бар. Осының салдарынан ол қолхозшыларды, еңалдымен, коммунистерді ауылшаруашылық дақылдарынан тұрақты және мол өнім алу, қоғамдық малдың басты мен өнімділігін еселеп арттыру міндетіне ойдағыдай жұмыстарға қымыл келеді. Коммунистер партия бюросының жұмысын, міне, осы тұрғыдан сынады.

—Кемшілікті мойындауымыз керек,—де

сыйықты партия бюросы социалистік жарық мәселесіне де формальді басшылық жасайды. Партия бюросының мәжілістері мен партия жыйыныстары кезінде өтпейді. Партия бюросының жаңа құрамы бұл кемшіліктерді болдырмауы қажет.

Жынышалыққа қатысушылар коммунист Шымқин жолдастың сөзін зор ықпалмен тыңдады. Ол партия ұйымының секретары Т. Құсайынов пен қолхоз председатели Б. Құсайыновтың төменнен болған сыңғы сөзінде құлақ аспайтындарын айтып, бұл жөнінде мысалдар келтірді. Мұнан кейін Шымқин жолдас қолхоз коммунистерінің

қазірет. Етешбаев, Қалшев, Едігенов жолдастар партия мүшелігіне 7—8 жылдай бері кандидат болып келеді. Партия ұйымы кандидаттардың партия мүшелігіне өтуі үшін қажетті көмек көрсетуге тиіс.

Жынышалық партия ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде дақтылы шаралар белгілеп, қаулы алды, сонымен қабат, жыйыналыс күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қолхоз партия бюросының жаңа құрамын сайлады.

Қ. БЕЙСЕНБИН.

## Қырағылық—бізге тән қасиет

Партияның XIX съезі Ленин —Сталин партиясының социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту жолымен елімізде коммунистік қоғам орнату жөніндегі басты міндеттерін белгілеп берді. И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегінде сондай-ақ съезд қарарларында бұл тарихи міндеттерді жүзеге асырудың жолдары айқын көрсетілген.

ССРО-да коммунистік қоғам орнату күресі капиталистік қоршау жағдайында жүргізілуде. Совет Одағының табиғатына азаматтың қас жаулары — империалистер, ең алдымен, Америка Құрама Штаттарының империалистері ызаалана түсуде. Бүкіл дүние жүзіне үстемдік жүргізуді мақсат етіп отырған американ империалистері біздің еліміздің экономикалық және қорғанысмаздық күш-қуатын әлсірету үшін неше түрлі зымындық әрекеттер жасауға тырысуда. Империалистер өздерінің арам ниеттерін жүзеге асыру үшін империалдық және диверсиялық жұмыстар жүргізеді.

И. В. Сталин жолдас капиталистік қоршау жағдайында Совет Одағының тылға негіз мемлекеттердің разведка органдары жіберген зыянкестер, диверсанттар, шпиондар болатынын үнемі ескертіп келді.

Совет Одағында қапаушы тыңтар әдеп-қанап жойылды. Сондықтан Совет мемлекетіне жарым бүлдірушілік қыймыл жүргізуге шетелдік реакцияшылар күштер өздерінің әрекетінде біздің еліміздің ішкімен қандай болса да, елеуді әлеуметтік тірек таба алмайты. Бірақ, капиталистік қоршау болып отырғанда шетелдік разведка органдары өздерінің мақсатына жеке еліміздіктері, буржуазиялық идеологияны таратушылары, тұрақсыз адамдарды пайдаланатынын совет адамдары жақсы біледі.

Партияның XIX съезі қабылдаған СОЖІ Уставы қырағылық коммунистерге қай уақытта және қандай жағдайда болса да керек өкенигін ескертіп, партия мүшелерін саяси қырағылық көрсетіп отыруға міндеттеді. Уставтың бұл талабы партия ұйымдарында, совет, шаруашылық орындарында соғыстан кейінгі кезде шаруашылықтың ірі табыстарына әуейленіп, жайбарақаттыққа салынушылықтың байқалуымен, кейбір қызметкерлердің бейқамдық пен ашыққауыздыққа салынуымен тікелей байланысты. Жау элементтер өздерінің аулымдық мақсатына мұндай тәсілдерді фактілерді пайдалануға тырысады.

Осы жылғы январь айында «Путь к коммунизму» қолхозында (Преслов ауданы) қолхоз құрылысының жауы — Си-мичский дегеннің қасақана өрт жіберуі салдарынан ішінде жұмыс өгіздері мен аттары тұрған мал базасы өртеніп, қолхозға материалдық жағынан зор зыян келді.

Жаудың зыянкестік жасауы қолхоз председатели Вчерашний мен партия ұйымының секретары Воронаев жолдастардың қолхоздың қоғамдық меншігін қорғау ісінде жауапсыз қарауларынан, саяси қырағылықтарын бәсеңдетіп, саяси сенімді ақтамайтын адамға қоғамдық мал басын күзетуді тапсыруынан болды. Облыстық партия комитетінің бюросы ашыққауыздарды қатаң жазалады.

Тағы да бір мысал келтірейік. Жақын-да аяққым фабрикасында көптен бері мемлекеттік меншікті талап-тарапқа салып келген бір топ ұрылар мен алаяқтар әңгіреленді. Бұл топта мастер Дьяков, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Клеп дегендер және басқалары бар. Дьяков пен Клеп қылдарына партия билеттерін салып жүріп, осыны істеді. Ал, фабриканың бұрынғы директоры Савченко және партия ұйымының секретары Гюевых бейқамдық пен ашыққауыздыққа салы-

нып, өздерінің көз алдында жүрген алаяқтарды ұзақ уақыт «аңғармай» келді.

Коммунистік партия совет адамдарын әрқашан саяси қырағылық рухында тәрбиелеп келеді. Біз коммунистік қоғам орнату жолындағы күресіміздің табылаты және баянды болуы үшін қай уақытта және қай жағдайда болса да қырағы болуымыз керек. Жау саяси бейқамдық пен ашыққауыздыққа қандай түрін болса да өздерінің зыянкестік жұмыстары үшін пайдаланады. Мұны әрқашан есте ұстау керек. Жаудың әрекетін іске асырмай тастау үшін партия біздің арамыздағы ашыққауыздықты жойып, саяси жоғары қырағылықты күшейтуге шақырады. Бұл маңызды істе коммунистерге үлкен жауапкершілік жүктелді. Совет адамдары біздің мемлекетіміздің мақсатына шексіз берілгендік рухта, совет мемлекетінің жаулардың агрессиялық қыймылдарынан, бәсеке қорғау рухында, жоғары саяси қырағылық рухында тәрбиелеу қажет.

Қырағы болу—өзінің азаматтық борышындай бұдыздықпен орындау, шыншыл, адал болу, өзіне және өзгелерге талапты күшейту, өзіне партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұрмалаудың қандай түріне болсын төбеушілік қасиетті дамыту деген сөз.

Қырағы болу—мемлекет құнымын қатаң сақтау, бейқамдық, жайбарақаттық және ашыққауыздық фактілермен бітіспес күрес жүргізу деген сөз.

Совет адамдарын саяси қырағылық рухында тәрбиелеу ісінде сын мен өзара сын күшті құрал болып табылады. Сондықтан партия ұйымдары сын мен өзара сынды барған сайын кеңінен өрістетіп беруді керек.

Қырағылық—біздің үнемі қыймыл жасайтын құралымыз.

П. УСАНИН.

және Корей Халық-Демократиялық Республикасы министрлер Советі Кабинетінің председатели маршал Ким Ир Сен 1953 жылғы 30 және 31 мартта тиісінше мәлімдемелер жариялады. Бұл мәлімдемелерде екі елдің Корей мен Қытайдың — үкіметтерінің соғыс тұтқындарының бүкіл проблемасын реттеу туралы ортақ ұсынысы баяндалған; бұл ұсыныстың мәні мынада: «Келіссөздердегі екі жақ елдеріне қайтаруды талап еткен барлық соғыс тұтқындарын соғыс қыймылдары тоқтатылғаннан кейін іле-шала елдеріне қайтаруға және қалған соғыс тұтқындарын оларды елдеріне қайтару туралы мәселені әділдікпен шешуді қамтамасыз ету мақсатымен бейтарап мемлекетке тапсыруға міндеттенеді», Жоғарыда көрсетілген осы екі мәлімдеме маршал Ким Ир Сен мен генерал Пын Дэ-хуэйдың 1 апрельде генерал Кларктің атына жазылған хатына тіркелген. Қазір мен осы ұсыныс жөнінде Сізге мынадай түсінік беруге өкілдік алдым:

1. Халықаралық қабылданған павод және 1949 жылғы 12 августтағы «соғыс тұтқындарына көзқарас туралы Женева ке-

жою мақсатымен корей және қытай жағы бұл жаңа ұсынысқа соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару тәртібі, уақыты және әдісі жөнінде тіпті тікелей жеңілдік жасауға дейін барып, соғыс тұтқындарын елдеріне екі дүркін қайтаруды ұсынады, атап айтқанда: келіссөздерге қатысушы екі жақ елдеріне қайтаруды талап еткен өз қолдарындағы барлық соғыс тұтқындарын соғыс қыймылдары тоқтатылғаннан кейін іле-шала елдеріне қайтаруға және қалған соғыс тұтқындарын оларды елдеріне қайтару туралы мәселені әділдікпен шешуді қамтамасыз ету мақсатымен бейтарап мемлекетке тапсыруға міндеттенеді.

3. Осындай жеңілдік жасауға бара отырып, корей және қытай жағы біздің жақ талап етіп отырған және Женева келісімінің 118-статьясында, халықаралық практикада және Корейда уақытша бітім туралы келісім жобасының 51 параграфында қабылданған принциптен ешбір бас тартпайды. Соғыс тұтқындарын елдеріне толық қайтарудың дәл осы принципке сүйеніп отырып, біздің жағымыз мынадай пікірді берік ұстайды: тұтқынға алған жақ өз қолындағы барлық соғыс тұтқындарын

тілек білдірді: тұтқынға алынғандардың ішіндегі біздің адамдар, қорқыту және қудалау салдарынан тайсалып, күмәнданып, үйіне қайтуға батылы бармай отырған тұтқындар бейтарап мемлекетке тапсырылсын, сөйтіп, біздің жақтың оларды түсіндіруі арқылы мұндай тұтқындардың күмән мен қорқынышы бірте-бірте жойылатын болсын, осының нәтижесінде тұтқындарды еліне қайтару туралы мәселе әділдікпен шешілетін болсын.

5. Жоғарыда айтылғандар біздің жаңа ұсынысымыздың толық түсінігі болып табылады. Бұл ұсынысты жүзеге асыру жөніндегі нақты шараларға келетін болсақ, бұл шараларды келіссөздердегі екі жақтың делегаттары ғана талқылап, өзара келісе алады, ал екі жақ тең праволы болып табылатын келіссөздерде өзара кеңесіп, пікір алысу және талқылау ғана мәселелерді шешудің тура жолы болып табылады.

Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілері делегациясының басшысы генерал НАМ ИР.

10 апрель, 1953 жыл.

### Жарияланбаған хаттың дерегі

#### Кино көрсету жұмысы жақсарды

Облыстық киноландыру басқармасы «Ленин туы» газетінің редакциясына мақалымен «Киноны сирек көреміз», «Кино көрсетіміз келеді» деген тақырыптардағы тілші хатында көрсетілген фактілердің анықталғандығын хабарлады.

Қазір Жланов атындағы, Абай атындағы қолхоздар жылжымалы киноустановкамен қамтылып, оның жұмысын Преслов аудандық киноландыру бөлімі мен ҚКП аудандық комитетінің үгіт және насихат бөлімі бақылап отыратын болған.

#### ПЕШТИҢ ОТТЫҚ ҚҰРАЛДАРЫНАН ЖӘНЕ АСХАНА ОШАҚТАРЫНАН ШЫҒАТЫН ӨРТТЕН САҚТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттары Петропавл қалалық Советі атқомінің қарары Петропавл қаласы № 139 27 март 1953 жыл

Тұрғын үйлер мен кәсіпорындарындағы пештерден өрт шығуына жол бермеу мақсатымен қалалық Совет атқомі қаулы етті:

1. Кәсіпорындардың, мекемелердің, оқу орындарының, коммуналдық шаруашылық үйлерінің басшылары мен жеке үй иемденушілер Қазақ ССР коммуналдық шаруашылық министрлігі мен ішкі істер министрлігінің өрт күзеті басқармасының 1952 жылғы 27 декабрьде талқылап бекіткен жағылатын пештерді, асхана ошақтарын салу және пайдалану ережелеріне сәйкес мына шараларды жүзеге асыруға міндеттендірілсін:

а) пештерді, түтін мұржаларын жанадан салуға, жөндеуге және күйдегі тазартуға мұндай жұмыстарды жүргізу үшін техминимум немесе арнаулы курстардан өткендігі жөнінде Ішкі істер министрлігінің қалалық өрт сөндіру инспекциясы берген куәлігі жоқ адамдар жіберілмесін;

б) тұрғын үйлердегі пештердің, уақытша пайдаланудағы пештер мен ошақтардың күйесі айына бір рет, ұзақ уақыт жағылатын пештер (асханалардағы, нан пісіретін орындар мен моншалардағы және басқа да кәсіпорындарындағы үнемі жағылатын ошақтар) айына кемінде екі рет тазартылып отырылсын.

2. Ерікті өрт сөндіру қоғамының председатели Иванов жолдас пештің оттық құралдарын пайдаланудың ережесіне сәйкес пештерді деркезінде жөндеп, күйдегі тазартып отыру жөнінде мекемелермен, ұйымдармен және кәсіпорындармен шарт жасасуға міндеттендірілсін:

3. Осы қарарды орындаудан бастартқан азамдар 1952 жылғы 27 декабрьдегі «Өрттен сақтану ережесі туралы» нұсқауға сәйкес жауапқа тартылсын.

4. Осы қарардың орындалуын бақылау Ішкі істер министрлігінің қалалық өрт күзетіне жүктелсін.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі атқомінің председатели

М. САВИН.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі атқомінің секретары

Б. КӘРІМБАЕВ.

#### ТҮЗЕТУ

Газетіміздің өткен номерінің 2-бетіндегі «Комсомолға партия басшылығының дәрежесі жоғары болсын» деген мақаланың 1-бағанасының 1-абзацының 5-жолын «быйыл 5 мартта совет халқы мен бүкіл» деп, одан әрі текст бойынша оқулы газет оқушылардан сұраймыз.

Редактор Г. МУХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

«ЛЮБОВЬ ЯРОВАЯ»

(1-сериясы)

Сағат 4-8-де басталады.

(II-сериясы)

Сағат 6-10-да басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

«ПІРІ АРУАҚ»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.

Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Петропавл қаласы, Сибирь көшесі, 151-үйде, 9-пәтерде тұрушы Герман Васильевич Ершов Курган облысы, Петухов қаласы, Карл Маркс көшесіндегі 8-үйде тұрушы Зинаида Тихоновна Ершовадан айрылатын жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар